Ұйым қызметкерлерін қосу

Жүйеде бір заңды тұлғаның бірнеше қызметкеріне жеке есептік жазбаларын пайдалана отырып, өтінімдермен бір мезгілде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жаңа функционал іске асырылды.

Аталған функционал әрбір қызметкерге өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасын (әрі қарай – ЭЦҚ) пайдалана отырып жүйеге кіруге, сондай-ақ берілген қол жеткізу құқықтарына сәйкес ұйымның өтінімдерін жасауға, қарауға және редакциялауға мүмкіндік береді.

Маңызды!

Аталған функционал тек заңды тұлғаларға арналған.


Өтінімдермен жұмыс істеу үшін ұйымның әрбір қызметкері өзінің ЖСН-і бойынша ұйымның профиліне алдын ала қосылуы тиіс.

Әрбір қызметкер үшін бірегей электрондық пошта мекенжайы көрсетілген жеке есептік жазба тіркелуі тиіс. Бір электрондық пошта мекенжайын бірнеше қызметкердің пайдалануына жол берілмейді.

Ұйымның профиліне қосылғаннан кейін қызметкер «Қызметкер» пайдаланушы түрін таңдап, заңды тұлғаның ЭЦҚ-сын пайдалану арқылы жүйеде авторизациядан өтуі қажет. Авторизациядан сәтті өткеннен кейін қызметкерге берілген қол жеткізу құқықтарына сәйкес ұйымның өтінімдерімен жұмыс істеуге қол жеткізу мүмкіндігі беріледі.

Жүйеге кірген кезде заңды тұлғаның басшысына қызметкерлердің ЖСН-ін қосу қажеттілігі туралы ақпараттық хабарлама көрсетіледі.

1-сурет – «Баптаулар» бетіндегі ақпараттық хабарлама.




Қызметкерді қосу үшін:

1. «Баптаулар» бөлімін ашу;
2. «Қызметкерлерді басқару» блогында «Қызметкерлерді қосуға өту» батырмасын басу;
3. «Қызметкердің ЖСН-і» өрісіне қызметкердің ЖСН-ін енгізу;
4. «Қосу» батырмасын басу қажет.

Қызметкер қосылғаннан кейін ол ұйым қызметкерлерінің тізімінде көрсетіледі және оған заңды тұлғаның өтінімдерімен жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі.

Қызметкерді жою үшін қызметкерлер тізіміндегі тиісті жазбаның тұсында орналасқан «Жою» батырмасын басу қажет. Қызметкер жойылғаннан кейін оның аталған ұйымның атынан жүйеде авторизациядан өту мүмкіндігі тоқтатылады.

2-сурет – Ұйым қызметкерлерін қосу және жою.



2026 жылғы 1 шілдеден бастап жүйеге кіруге ЖСН-і ұйымның профиліне қосылған қызметкерлерге ғана рұқсат етіледі. ЖСН-і ұйымның профилінде жоқ қызметкерлер жүйеде авторизациядан өте алмайды.